



ЕСІМДІ БҰЙРЫҚТЫ СӨЙЛЕМДЕР

Doç.Dr.Şolpan KARSİBEKOBA[□]

АННОТАЦИЯ

Қандай да бір сөйлемнің мақсаты (мейлі ол етістікті немесе есімді сөйлем болсын) – айтушының түрлі мақсаттан туындаған хабарын жеткізу. Ол өз бойында шындық болмыс жағдаяты туралы ақпарат, я болмаса бір нәрсе туралы сұрақ немесе сөйлесу барысына қатысушы екінші тұлғаны іске қосу мақсатын қамтуы мүмкін. Соның нәтижесінде сөйлем: хабарлы, сұраулы және бұйрықты сөйлемдер сияқты функционалды типтерге бөлінеді. Егер хабарлы сөйлемде сөйлеу актісіне қатысушы тұлғалардың тікелей байланысын қажет етпесе (яғни айтушының өзі хабарлап отырған ақпаратты нақты бір адресатқа бағыттауы міндетті емес), сұраулы және бұйрықты сөйлемдерде жағдай басқаша. Мұнда, қалыпты жағдайда, сөйлемнің нақты адресатқа бағытталуы, сөйлеу актісіне қатысушы екінші тұлғаның (сұхбаттас адамның) белсенді реакциясын қажет етеді. Ол белгілі іске қосу үшін екінші тұлғаға бағытталған сұраулы немесе бұйрықты сөйлемнің мағынасында ашық немесе жасырын (имплицитті) түрде көрініс береді. Бұл оларды (сұраулы, бұйрықты сөйлемдер) өз кезегінде хабарлы сөйлемнен ажырататын басты белгілердің бірі болып табылады..

Кілт сөздер: бұйрықты сөйлемдер, сөйлесу мақсаты, сөйлесу процессы

NOMINAL TEŞVİK CÜMLELER

ÖZ

Herhangi bir cümle nin amacı (filli veya isim cümlesi olsun) – konuşmacının çeşitli amaçlardan kaynaklanan haberini iletmektir. O, kendisiyle ilgili gerçek bir durumu, bir soruyu veya konuşmaya katılan ikinci bir şahsı anlatabilir. Neticede cümle: haberli, soru ve emir cümleleri gibi fonksiyonel tiplere bölünür. Haberli cümlede konuşma eylemine katılan şahısların doğrudan bağlantısı gerek görülmez (yani konuşmacının verdiği bilgiyi net bir alıcıya göndermesi zorunlu değildir), soru ve emir cümlelerinde ise bu durum farklıdır. Burada sabit bir durum, yani cümle nin net bir alıcıya yönlendirilmesi, konuşma eylemine katılan ikinci bir şahsın aktif reaksiyonunu gerektirir. O, belli bir eyleme katılmak için ikinci şahsa yönelen soru veya emir cümlesinin anlamında açık veya gizli bir şekilde bir görünüme sahip olabilir. Bu, onları (soru, emir cümleleri) haberli cümleden ayırt eden en önemli özelliklerden biridir.

Makalede isim kelime sınıfları esas olan emir cümlelerinin dilsel özelliklerinden bahsedilir.

Anahtar Kelimeler: Emir cümleleri, konuşma hedefi, konuşma eylemi.

Қандай да бір сөйлемнің мақсаты (мейлі ол етістікті немесе есімді сөйлем болсын) – айтушының түрлі мақсаттан туындаған хабарын жеткізу. Ол өз бойында шындық болмыс жағдаяты туралы ақпарат, я болмаса бір нәрсе туралы сұрақ немесе сөйлесу барысына қатысушы екінші тұлғаны іске қосу мақсатын қамтуы мүмкін. Соның нәтижесінде сөйлем: хабарлы, сұраулы және бұйрықты сөйлемдер сияқты функционалды типтерге бөлінеді. Егер хабарлы сөйлемде сөйлеу актісіне қатысушы тұлғалардың тікелей байланысын қажет етпесе (яғни айтушының өзі хабарлап отырған ақпаратты нақты бір адресатқа бағыттауы міндетті емес), сұраулы және бұйрықты сөйлемдерде жағдай басқаша. Мұнда, қалыпты

[□] Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Filoloji Bölümü, s.karsibekoba@mail.ru

жағдайда, сөйлемнің нақты адресатқа бағытталуы, сөйлеу актісіне қатысушы екінші тұлғаның (сұхбаттас адамның) белсенді реакциясын қажет етеді. Ол белгілі іске қосу үшін екінші тұлғаға бағытталған сұраулы немесе бұйрықты сөйлемнің мағынасында ашық немесе жасырын (имплицитті) түрде көрініс береді. Бұл оларды (сұраулы, бұйрықты сөйлемдер) өз кезегінде хабарлы сөйлемнен ажырататын басты белгілердің бірі болып табылады. Сөйлемдер адамның қажетін өтеу үшін түрлі мақсатта жұмсалады. Айтушы (сөйлеуші) тыңдаушыға бір нәрсенің жайы туралы баяндауы немесе өзін қызықтырған мәселе жайында сұрауы, я болмаса өтініш, тілегін (бұйрық) білдіруі мүмкін. Сондықтан сөйлемнің қандай мақсатта жұмсалыуына қарай үш үлкен топқа бөліп қарастырамыз: *хабарлы, сұраулы және бұйрықты*. Осы сөйлемдердің барлығы түрлі эмоциональдық реңкте жұмсалып, *лепті* (айтылу сазына қарай леп сазды) сөйлем бола береді.

Негізгі бөлім

Қазақ тіл білімі тарихында жай сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай бөлуде түрлі көзқарас болғаны белгілі. Мәселен, А. Байтұрсынұлы сөйлемді сұраулы, лепті, тілекті, жай сөйлем деп төртке бөліп қарастырады (Baitursynov, 1992: 297-300. Әрине, бұл жерде автордың берген анықтамасы мен келтірген мысалдарына қарап, тілекті сөйлемдердің бұйрықты, жай сөйлемнің қазіргі хабарлы сөйлемдер екендігін байқаймыз.

Қ. Жұбанов, Х. Арғынов, Ә. Хасеновтер сөйлемді айтылу сазына қарай қарай үшке: 1) хабарлы; 2) сұраулы; 3) лепті деп бөледі (Zhubanov, 1999; Argunov, 1969; Ә. Hasenov, 1956). Мұнда лепті сөйлем мен бұйрықты сөйлемнің ара жігі ажыратылмай, екеуін қосып бір-ақ «леп сазды сөйлем» деген атаумен атаған.

С. Аманжоловтың сөйлемдерді мағына жағына қарай бөлуде өзіндік пікірі болғандығы белгілі. Сондықтан да ол сөйлемдерді хабарлы, сұраулы, лепті, атаулы сөйлемдер деп төрт түрге бөлсе (Amanzholov, 1940: 163), , кейінірек, 1972 жылы жарық көрген А. Әбілқаев, И. Ұйықбаевтармен бірігіп жазған «Қазақ тілі грамматикасында» бұл ойын өзгертіп, атаулы сөйлемнің орнына бұйрықты сөйлемді қарастырады (Amanzholov, Abilqaeв, Uiyqbaev, 1972).

Проф. Р. Әмір алдымен сөйлемді айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрықты деп үшке бөлсе (Amirov, 1977), кейінгі еңбектерінде жоғарыда аталған үш түрге төртіншісі етіп лепті сөйлемдерді қосады (Amir, Amirova, 1998: 58).

О. Төлегенов «Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модальды және мақсат мәнді жай сөйлем типтері» атты еңбегінде сөйлемдерді жалпы модальдық мағынасына қарай: *болымды сөйлемдер, болымсыз сөйлемдер*; мақсатына қарай: *хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдер*; эмоциялық мағынасына қарай: *үстемелі лепті, арнаулы лепті сөйлемдер*; сөйлемдердің жалпы құрылымына қарай: *жай сөйлем және құрмалас сөйлемдер* деп бөледі (Tolegenov, 1968: 43-44). Автор мақсат мәнді сөйлемдерге: хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдердің жататынын, ал лепті сөйлемдердің «басқа принцип-негізде ерекшеленетіндігін» ескертеді (Tolegenov, 1968: 78].

Сөйлемдер адамның қажетін өтеу үшін түрлі мақсатта жұмсалады. Айтушы (сөйлеуші) тыңдаушыға бір нәрсенің жайы туралы баяндауы немесе өзін қызықтырған мәселе жайында сұрауы, я болмаса өтініш, тілегін (бұйрық) білдіруі мүмкін. Сондықтан сөйлемнің қандай мақсатта жұмсалыуына қарай үш үлкен топқа бөліп қарастырамыз: *хабарлы, сұраулы және бұйрықты*. Осы сөйлемдердің барлығы түрлі эмоциональдық реңкте жұмсалып, *лепті* (айтылу сазына қарай леп сазды) сөйлем бола береді. Мәселен құрамы бірдей екі сөйлем екі түрлі мағына білдіруі мүмкін. Мысалы: 1) *Аспан бұлтты*. 2) *Аспан бұлтты?* Осы сөйлемдердің құрамы бірдей сөздерден болғанымен, бірінші сөйлем хабарлы, екіншісі сұраулы мағынада жұмсалған. Сонда сөйлемнің мағынасын, оның қандай мақсатта жұмсалағанын анықтау үшін сөйлем құрамындағы сөздердің мағынасына ғана сүйену жеткіліксіз. Дж. Лайонз сөйлем мағынасын анықтауда оны құрайтын сөздердің мағынасы ғана емес, оның грамматикалық құрылымы да әсер ететінін дұрыс көрсеткен болатын (Laionz, 2003:48).

Сонымен сөйлемдер айтылу мақсаты мен сазына қарай: хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер деп бөлу орын алғанмен, оларды есімді, етістікті деп арнайы қарастырылмағаны белгілі. Сондықтан да енді осылардың әрқайсысының тек есімді түрлеріне тоқталмақпыз.

Әрине бұл жерде мынаны ескерген жөн. Есімді сөйлемдер негізінен хабарлы, сұраулы сөйлемдерде молынан кездеседі. Бұлар (хабарлы, сұраулы сөйлемдер) айтылу сазына қарай көтеріңкі леппен айтылып, лепті сөйлем бола алатын болса, бұйрықты есімді сөйлемдер – тілімізде сирек кездесетін құбылыс (Elikbayev, 2010: 175-186).

Бұйрықты сөйлем іс-әрекетті біреуге істету үшін айтылады. Бұйрықты сөйлемдер бұйрық райлы етістіктен және етістіктің басқа да формалары арқылы жасалатын болғандықтан, оларды таза етістікті сөйлемдер дегенді біз де қолдаймыз. Кезінде бұйрық рай туралы арнайы зерттеген ғалым Л.С. Дүйсембекова оның 28 мағыналық реңкін көрсетуі де бұйрықты сөйлемдердің, негізінен, етістікті болып келетіне дәлел бола алса керек (Duisembekova, 1998: 88). Етістіктің бұйрық райлы және басқа да формаларының бұйрықты сөйлем жасауы жайында оқулықтар көлемінде де, жеке еңбектер көлемінде де айтылып келе жатқандықтан, оны қайталап жатуды артық деп санаймыз. Сондықтан тек есімді бұйрықты сөйлемдерге ғана тоқталмақпыз.

З.Ш. Ерназарова бұйрықты сөйлемдер туралы: «...бұйрық мәнді сөйлемдер, сөйлесімдер тыңдаушыны әрекетке итермелейді, сол арқылы қалыптасқан жағдайға сөйлеушінің өзгеріс енгізу мақсатын жеткізеді», – дейді (Ernazarova, 2001: 166). Мұндай «тыңдаушыны әрекетке итермелейтін» сөйлемдер тек қана етістікті болып келмейді екен, қолда бар деректерге қарағанда, кейбір баяндауыштары түсірілген толымсыз сөйлемдер мен әскери бұйрықтардың есімді болып келетінін байқауға болады. Олар түрлі тұлғада келеді:

а) Бұйрықты сөйлемдер табыс септігінің жалғауы жасырын келген тура толықтауыштар арқылы жасалады: — **Су!** – *деді тағы да («Жалын»)*. — **Сабыр, аға, сабыр!** – *деді Исатай («Қазақ әдебиеті»)*. Мұнда «суды бер», «сабыр (ды) сақта» деген сөздердің етістік баяндауышы түсірілуі нәтижесінде табыс септік жалғауы жасырын келген тура толықтауыштар талап ету, өтіну мәнінде

қолданылып есімді бұйрықты сөйлем болып тұр. Бұл сияқты бұйрық мәнді сөйлемді Ж.А. Жакупов «бұйрық атаулы сөйлем» деп берген болатын (Zhakupov, 1999: 47).

ә) Бұйрықты сөйлемдер бағыт мәнін білдіретін барыс септікті жанама толықтауыш немесе мекен, мақсат пысықтауыштарынан болады: — **Маған!.. Маған!.. Маған!..** – деп шуласқан қайыршы балалар у-шу болып таласты да қалды («Жас Алаш»).

Пистолетін жоғары көтерген қалпы, қарлығыңқы дауыспен айқайлап жіберді:

— *Батырлар, гвардеецтер, алға!* (Ә. Сәрсенбаев).

Сол сәтте дабыл қағылды. Әскер лек-лек боп сапқа тұрды.

— **Алға!** – деді Сауық. – *Ұлы Шыңғыс аруағы қолдай көр!* (І. Есенберлин).

Сансыз қол қылышын жарқылдатып, шуылдасып кетті.

— *Ұрағша-а-а! Алға-а-а!* (Х. Әдібаев).

— **Назад! Назад!** – деп айқайлады лейтенант (Т. Ахтанов).

Осы мезетте Мұрат садақ оғынша атылып кетті (Б. Соқпақбаев).

б) Кейбір әскери және спорттық бұйрықтар есімді болып келеді: — *Стоп!*– деп команда берді ол. Садыққа бірдеңе деп, мін таққан болды. Бұнысы Мұрат аздап та болса, дем алып алсын дегені.

— **Бокс!** (Б. Соқпақбаев).

Сонан соң малын түгендеген бақташыдай «бір», «екі» дегізіп санатады. Санап болған соң: «Наместо шагом арш!» «Солаяқ!» «Солаяқ!»... (Б. Соқпақбаев).

Үшінші раунд екі жақтан бірдей шарт–та–шұрт шабуылдасумен басталды. Тағы да клинч!

— **Стоп! Бокс!**

Сандересс бұлт етіп бұрышқа қашып шықты (Б. Соқпақбаев).

— **Бокс!** – деп команда берді рингтегі судья. Әскери бұйрықтар туралы Қ. Қожағұлова: «Әскери саптық бұйрықтардың термин ретіндегі ерекшелігі – оның заттық атауы емес, іс-әрекетті танытуы, атауы. Бұйрық беру арқылы белгілі бір іс-қимыл басталса, бұйрықпен аяқталады. Қазақ тілінде қимылдың, іс-әрекеттің басталуын, дамуы мен аяқталуын етістіктің қимыл-әрекеттің өту сипаты категориясының мазмұнына тән грамматикалық мағына білдіреді... (Мысалы: Тік тұр! – Еркін тұр!; Адым бас! – Тоқта!; Сапқа тұр! – Тара!; т.б.)» (Qozhagulyova, 2006: 16),– деп, оның етістіктің бұйрық райлы түрлерін көрсетеді.

Қорытынды

Әрине, бұйрықты сөйлемдердің етістіктің бұйрық райы арқылы жасалатынына дауымыз жоқ. Дегенмен тілімізде әскерилер қолданылатын **«Солға!», «Оңға!», «Артқа!», «Алға!», «Сол аяқ!», «Марш!»** сияқты бұйрық райлы етістіктері түсіріліп, нәтижесінде бұйрықтық мән есімдерге ауысқан есімдер

мен көмекші есімдер кездеседі. Мұндай бұйрықтарды калька тәсілі арқылы жасалған бұйрықтарға жатқызады Бұл бұйрықтарды етістікті дей алмаймыз. Мұндай бұйрықтардың етістікті болмауының өзі қысқалық пен нақтылықты қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

ADEBIETTER

AMANZHOLOV S. Qazaq tili gylymi sintaksisinin qysqasha kursy. – Almaty, 1940. – 248 b.

AMANZHOLOV S., ABILQAEV A., UIYQBAEV I. Qazaq tili grammatikasy. II bolim. Sintaksis. – Almaty: Mektep, 1971. – 222 b.

AMIROV R. Auyzeki soileu tilinin sintaksistik erekshelikteri. – Almaty, 1977. – 91 b.

AMIR R., AMIROVA ZH. Zhai soilem sintaksisi. – Almaty: Sanat, 1998. – 191 b.

ARGYNOV H. Qazaq tili sintaksisi metodikasynyn negizderi. – Almaty: Mektep, 1969. – 294 b.;

BAITURSYNOV A. Til tagylymy. – Almaty: Ana tili, 1992. – 444 b.

DUISEMBEKOVA L.S. Qazaq tilindegi buiryq raidyn paradigmasy men magynalyq quramy: filol. gyl. kand. ... dis. – Almaty, 1998. – 145 b.

ELIKBAYEV B.K. Qazirgi qazaq tilindegi esimder sintaksisi: filol. gyl. d. ... dis. – Almaty, 2010. – 298 b.

ERNAZAROVA Z.S. Qazaq soileu tili sintaksistik birlikterinin pragmatikalyyq negizderi: filol. gyl. d. ... dis. – Almaty, 2001. – 246 b.

HASENOV A. Zhai soilemderdin aitylu sazyna, magynasyna qarai bolinui // Halyq mugalimi. – 1956. – №8, – 25-33 bb.

LAIONZ D. Lingvisticheskaya semantika: Vvedenie. – M., , 2003. – 400 s.

TOLEGENOV O. Qazirgi qazaq titlindegi zhalpy modaldi zhane maqsat mandi zhai soilem tipteri. Almaty: Mektep, 1968. – 177 s.

QOZHAGYLOVA Q. Qazaq tilindegi askeri leksikanyn magynalyq qurylymy: filol. gyl. kand. ... avtoref. – Astana, 2006. – 24 b.

ZHAKUPOV Z.A. Qazaq tilinin funktsionaldyq sintaksisi (kontekst problemasy): filol. gyl. d. ... dis. – Almaty, 1999. – 225 b.

ZHUBANOV Q., Qazaq tilindegi zertteuler. – Almaty: Gylym, 1999. – 581 s.;